

3-қосымша.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ 2012 ЖЫЛҒЫ 3 ҚАРАШАДАҒЫ №1403 ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ-НЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ/САҚТАМАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы №1403 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) талаптарына сәйкес, осы ақпарат 2025 жылы Кодекс қағидаттары мен ережелерінің сақталуына шолуды ұсынады.

Кодекс өз қолданысын «Самұрық-Қазына» АҚ-ға (бұдан әрі – Қор), сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей немесе жанама түрде меншік құқығында немесе сенімгерлік басқаруда Қорға тиесілі ұйымдарға (бұдан әрі – Ұйымдар) таратады. Кодекстің мақсаттары Қор мен Ұйымдарда корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқару ашықтығын қамтамасыз ету, сондай-ақ Қор мен Ұйымдардың тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растау болып табылады.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру шеңберінде жүргізілген жұмыстар Директорлар кеңесі бекітетін Кодекс қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есепте егжей-тегжейлі баяндалған. Ерекше назар аударуға тұрарлық негізгі бастамалардың қатарына мыналар жатады:

- ✧ 2025 жыл бойы Директорлар кеңесінің жоспарлы отырыстары шеңберінде Директорлар кеңесінің әрбір күндізгі отырысында Қор Басқармасының төрағасының есептері тыңдалды. Аталған есептерде негізгі іс-шаралар туралы ақпарат, өндірістік және қаржылық көрсеткіштер бойынша жедел деректер, Қор тобының сатып алуларында отандық тауар өндірушілерді қолдау туралы мәліметтер, топтың қайырымдылық қызметі және Қордың жоспарлары қамтылған. Сонымен қатар есеп аясында Қор Директорлар кеңесінің тапсырмасына сәйкес ФЗТКЖ-ны (НИОКР) дамыту саласындағы жұмыстардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынылды;

- ✧ Директорлар кеңесі Қор тобының ірі инвестициялық жобаларының іске асырылуын мониторингтеуге айрықша мән береді және аталған мәселені әрбір күндізгі отырыста тұрақты түрде қарайды. Мұндай тәсіл ірі инвестициялық жобалардың іске асырылу барысына үздіксіз бақылауды қамтамасыз етеді. Жобалардың уақтылы іске асырылуы үшін жауапкершілікті арттыру үшін 2023 жылдан бастап мұндай жобалардың негізгі мақсаттары Қордың мотивациялық көрсеткіштер жүйесіне енгізіліп, келесі жылдарға да көшіріледі. 2025 жылғы тамызда Директорлар кеңесі корпоративтік негізгі көрсеткіш – «Ірі инвестициялық жобаларды іске асыруды» қайта қарап, жобалар тізбесін кеңейтті. Атап айтқанда, тізбеге Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау шеңберінде іске асырылатын жобалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы №724 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған отын-энергетика кешенін дамыту тұжырымдамасы аясында полиэтилен өндіру жөніндегі ірі инвестициялық жобаны іске асыру және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің перспективалы геологиялық барлау жобаларын іске асыру жөніндегі тапсырмалары енгізілді;

- ✧ Қор үшін стратегиялық маңызы бар ұзақ мерзімді мақсаттардың бірі – орнықты даму саласы болып табылады. Қордың 2023–2032 жылдарға арналған Даму жоспарына және 2025–2029 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспарына сәйкес орнықты даму стратегиялық бағыттардың бірі ретінде айқындалған. 2025 жылғы маусымда GRI халықаралық стандарттарына сәйкес дайындалған Қордың 2024 жылға арналған тұрақты даму есебі бекітілді. Есеп ISAE 3000 стандартына сәйкес «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тарапынан тәуелсіз сыртқы тексеруден өтті және GRI Services тарапынан стандартты дұрыс қолдану бойынша тексеруден сәтті өтті. Есеп тәуелсіз куәландыруымен бірге 2025 жылғы 25 шілдеде Қордың ресми веб-сайтында жарияланды;

- ✧ Қор 2021–2025 жылдарға арналған кешенді жекешелендіру жоспарын (2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулы) іске асыру арқылы және бейінді емес активтерді шығару есебінен активтер құрылымын оңтайландыруды жалғастыруда. Сонымен қатар, 2025 жылғы 24 қазандағы № 894 қаулымен 2026–2030 жылдарға арналған бәсекелес ортаға берілетін активтердің жаңа тізімі бекітілді;

- ✧ «Самұрық-Қазына» тобының портфельдік компанияларын цифрландыруға және жаңғыртуға бағытталған Трансформация бағдарламасының аяқталуына, сондай-ақ топтың ағымдағы операциялық қызметі шеңберінде қалған іс-шаралар мен жобалардың ауысуына байланысты, 2025 жылдың сәуірінде Қордың Директорлар кеңесі Трансформация бағдарламасын іске асыруды бақылау комитетінің қызметін тоқтату туралы шешім қабылдады;

- ✧ Қордың Директорлар кеңесінің қызметіне цифрландыру және технологияларды белсенді енгізу мақсатында 2025 жылдың қыркүйегінен бастап жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін жүйе қолданылып келеді;

- ✧ Жаһандық цифрлық трансформация және автоматтандырылған үдерістерді енгізу аясында Комплаенс қызметі E-Compliance жүйесін жетілдіруді жалғастыруда. Осыған байланысты цифрлық комплаенс-бақылау мүмкіндіктерін одан әрі кеңейту мақсатында «Комплаенс функциясының тиімділігін бағалау әдістемесі» модулі іске асырылды. Бұл әдістеме Қор тобының компанияларындағы сәйкестік функцияларын бағалаудың бірыңғай тәсілдерін, критерийлерін және рәсімдерін «Самұрық-Қазына» АҚ тобының сәйкестік функцияларына арналған

корпоративтік стандарт талаптарына, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен халықаралық озық тәжірибелердің талаптарына, соның ішінде ISO 37001:2025 «Парақорлыққа қарсы басқару жүйелері» және ISO 37301:2021 «Сәйкестік басқару жүйелері» талаптарына сәйкестігіне белгілейді;

- ✧ 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында Қор Директорлар кеңесінің 2024 жылдың екінші жартыжылдығындағы және 2024 жылға арналған қызметіне өзіндік бағалау жүргізді. Бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің мүшелері Кеңестің жұмысын оң бағалап, Директорлар кеңесі Қордың миссиясын, пайымын, стратегиялық бағыттарын, мақсаттары мен негізгі міндеттерін, өзекті мәселелері мен құндылықтарын толық көлемде түсінетінін және негізгі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде аталған факторлардың барлығын ескеретінін атап өтті;

- ✧ Қор халықаралық стандарттарды қатаң сақтай отырып және өз қызметінде барынша ашықтықты қамтамасыз ете отырып, корпоративтік басқару жүйесін дамыту бойынша тұрақты негізде жұмыс істейді. Сондай-ақ, Қор Жалғыз акционермен әріптестік қатынастарды нығайтуға ерекше назар аударады және ұзақ мерзімді перспективада жоғары нәтижелер мен тұрақты дамуды қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, Директорлар кеңесі мен Басқарма қызметінің тиімділігін белсенді түрде арттырады.

Бұл ақпарат тиісті корпоративтік басқару қағидаттарына тұрақты берілгендікті және оларды Қор қызметінің барлық деңгейлерінде тиімді сақтауға ұмтылысты көрсетеді.